



# ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 33/677  
14 августа 2020 года

## Вестник

Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл

### Қ А С Ы М - Ж О М А Р Т Т О Қ А Е В : А Б А Й - Р У Х А Н И Р Е Ф О Р М А Т О Р



10 тамызда ұлтымыздың ұлы ақыны, ойшыл тұлғасы Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толды. Бұдан ширек ғасыр уақыт бұрын Тұңғыш Президентіміз – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Абайдың 150 жылдығы ЮНЕСКО деңгейінде өткізілген еді. Бұл торқалы той – сол тамаша дәстүрдің жалғасы.

Биылғы мерейтойға орай бірқатар іс-шара жоспарланған болатын. Бірақ әлемді жайлаған індетке байланысты соның көпшілігін онлайн форматқа ауыстырдық. Әрине сан сынақтан сүрінбеген халқымыз бұл дертті де жеңеді. Қиындық өтпелі, ал Абай мұрасы мәңгілік.

Менің тапсырмам бойынша Үкімет оныншы тамызды «Абай күні» деп белгілеп, мерекелер тізбесіне енгізді (бірақ жұмыс күні болып қала береді). Ұлы ақынның мұрасын ұлықтауға арналған іс-шаралар жыл сайын өткізіліп тұратын болады. Мәселе мерейтойда емес – тұғырлы тұлғаның туындыларынан терең тәлім алу. Абайдың рухына тағзым ету – оның қағидатын ұстану, аманатына адал болу. Сонда ғана жас ұрпақтың санасына кастерлі құндылықтарды сіңіреміз.

Біз ұлы ойшылдың өнегелі өмірі мен тағылымы туралы айтудан жалықпаймыз. Әсіресе қазіргі Қазақстан қоғамын Абайдың рухани ұстанымына сай дамыту аса маңызды. Мен бұл жөнінде «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақалама кеңінен айттым.

Биылғы жыл халықаралық «Абай жылына» айналды. Әлемнің көптеген елдері оның шығармашылығына назар аударуда. Қазақстанның бастамасымен және ЮНЕСКО-ның қолдауымен ұлы ақынның 175 жылдық мерейтойы жаһандық деңгейде аталып өтуде.

Ақынның баға жетпес мұрасын ұғындыру және дәріптеу – азаматтық парызымыз. Өйткені Абай – әлемдік деңгейдегі кеменгер тұлға. Абайтанудың тұғырнамалық негізі де осы болуға тиіс.

Қазір ақынның еңбектерін халықаралық ғылыми айналымға енгізу үшін нақты және мақсатты жұмыстар қолға алынууда. Оның шығармалары әлемнің он тіліне аударылып, баспаға әзірленді. Бұл кітап-

тар жүзден астам елдің кітапханалары мен мәдени орталықтарына жіберіледі. Бірқатар шетелдік аудармашыларға, Абайдың шығармашылық мұрасын зерттеушілер мен насихаттаушыларға менің Жарлығыммен мемлекеттік награда берілді.

Абай рухын ұлықтау шаралары жалғасуда. Шетелдегі елшіліктеріміздің жанынан Абай орталықтары ашыла бастады. Ақынның шығармашылығын жүйелі зерттеу үшін Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан Абай академиясы құрылды.

Біз бәсекеге қабілетті мемлекет болу үшін Абай мұрасын естен шығармауымыз керек. Себебі ұлт ретіндегі жаңару идеясы да оның көзқарасымен үндесіп жатқаны анық.

Келесі жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығын атап өтеміз. Бірақ кезінде ұлы ойшылды қатты толғандырған кейбір келеңсіздіктер қоғамда әлі де кездеседі. Өкінішке қарай Абай айтқан «бес дұшпаннан» толық арылып болған жоқпыз.

Азаматтарымыздың арасында жалқаулық пен сөзуарлық жиі кездесетіні қынжылтады. Бұлар бұрынғыша той-құмарлықтан тартынбай, күнделікті тынымсыз тірлікті дәріптеудің орнына, әрбір қоғамдық оқиғадан саяси астар іздейді де отырады.

Абай халықты той тойлауға емес, еңбек етуге, рухани кемелденуге шақырды. Абайдың ұлағаты әлі күнге дейін маңызын да, құндылығын да жоғалтқан жоқ. Сондықтан біз оның терең ойларына, келешектің келбетіне үңілген көрегендігіне таңырқаудан жалыққан емеспіз. Абай ілімі бүгінгі бірқатар бағыттарға орайлас келеді.

Ең алдымен, білім игеру. Біз бүкіл әлемді ақыл-ой мен парасатты пайым арқылы ғана мойындата аламыз. Заман талабына сай білім алу интеллектуалды ұлт қалыптастыруға жол ашады.

Екінші, тәрбие мәселесі. Сондықтан, өскелең ұрпаққа дұрыс бағыт берген жөн. Ақынның «Пайдақ ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге» деген өсиетін әрдайым санаға сіңіру қажет.

Үшінші, жаңа кәсіп игеру. Ақын әр қазақ өз ісінің шебері болса деп армандады. Әсіресе бәсекелестікке толы алмағайып заманда мұның мәні зор. Абай: «Мал керек болса, қолөнер үйренбек керек. Мал жұғайды, өнер жұғмайды» дейді. Біз еңбекке, жаңа өнер игеруге деген көзқарасымызды түбегейлі өзгертуге тиіспіз. Байлықтың да, бақыттың да кілті – өзің сүйген кәсіпте.

Төртінші, ынтымақ мәселесі. Абай әрдайым қоғамның берекесі-бірлігін артты-



руға ден қойды. Ол «Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесең істің – бәрі бос» деп, елді татулыққа шақырды.

Біз аса күрделі кезеңді бастан өткерудеміз. Осындай сәтте бір-бірімізге қол ұшын беріп, өзара мәміле мен ынтымағымызды арттыра түсу аса маңызды. Кеменгердің де жан-жүрегімен тілегені жұртының амандығы мен ұлтының тұтастығы еді. Сондықтан бүгінгідей қиын шақта Абай мұрасына жүгіну өте өзекті болып отыр.

Абай өнегесінің құны дәуір алмасқан сайын артпаса, кемімейді. Ол баршаға түсінікті әрі күллі адамзатқа ортақ. Оның қара өлең болып өрілген және қара сөз болып төгілген оралымды ойлары әлі күнге дейін өмірлік бағдар болып келеді.

Ұлтының болашағы үшін қам жеген ұлы ойшыл күллі жұртшылықты да махабат пен мейірімге үндейді. Ақынның осындай адамгершілік қағидаттары еліміздің бүгінгі ұрпақтары үшін де аса қажет.

Мемлекет тәуелсіздік жағдайында ұлттық сананы қайта жаңғыртуға және жаһандану өзгерістеріне бейімдеуге жалпұлттық тұрғыдан басымдық беріп отыр.

Ұлы данышпан елдік мүддені әрдайым жоғары қоюға, алған білім мен тәжірибені халық игілігіне жұмсауға шақырды. Бүкіл адамзат үшін даму үрдісін осындай ұстаным арқылы ұғыну әрдайым маңызды болмақ.

Абай – біздің ұлтымыз бен жұртымызды танудың төте жолы. Ұлы ақын бізге мазмұндық тұрғыдан өлшеусіз, халықтың рухани азығына айналған мұра қалдырды. ХХІ ғасырға қадам баспақ та, Абайдың көзқарасы заманауи ізгілік қағидаттарына және Қазақстан қоғамының басты құндылықтарына, оның бірлігі мен берекесіне толықтай сай келетіндігіне тағы да бір

мәрте көз жеткіземіз.

Ұлы данышпан ұлттың рухани мәдени, адами бет-бейнесін асқан көрегендікпен сипаттаған. Оның ұлылығы да осында.

Абайдың даналық сөздері қазақ халқының алтын тұғыры, түп негізімізге үңіліп, ұлттық ұстынымызды іздеген көптеген ұрпақтың басын біріктіретін мәңгілік рухани тірек болып қала бермек.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Абай сөзі – қазақтың бойтұмары» деген болатын. Бұл тұжырым бізді ақын әлеміне терең бойлауға, жаңаша ойлауға міндеттейді.

Қазір елімізде абайтанумен айналысатын бірнеше ғылыми-зерттеу орталығы бар. Осылардың жұмысын жүйелеп, елордамыздағы Абай академиясының төңірегіне топтастырған жөн. Академия барлық зерттеу мекемелерінің жұмысын ғылыми тұрғыдан үйлестіруші міндетін атқара алады.

Алдағы уақытта гуманитарлық пәндердің бөлініс бөлшегі ретінде «Абайтану» курсының оқыту мәселесін қолға алу керек. Жаңа философиялық және саяси ұстаным тұрғысынан «Абайтану» оқулығы мен хрестоматиясын әзірлеу қажет. Сондай-ақ Абайдың «толық адам» ілімі жан-жақты әрі терең зерттелуге тиіс.

Біз Абайды ХІХ ғасырда өмір сүріп, ХХІ ғасырдың сөзін сөйлеген данышпан ретінде әлемге танытуымыз керек. Сонымен қатар оны ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал еткен рухани реформатор ретінде дәріптеуге міндеттіміз.

Түптеп келгенде, әрбір қазақ Абаймен мақтануға тиіс! Халқымыздың ұлы перзентінің торқалы тойы құтты болсын!

Дерек-көз: <https://egemen.kz/>

### Ұ Л Ы Л А Р Д Ы Ң

Ұлы ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы Абай Құнанбаев 1845 жылы 10 тамызда Семей облысының Шыңғыстау бөктерінде өмірге келген. Болашақ ақын ел анасы атанған Зере әжесінің таусылмайтын аңыз-ертегілерін естіп, сөзге шешен Ұлжан анасының тәрбиесін көріп өсті. 10 жасында Семейдегі Ахмет-Риза медресесінде 3 жыл оқыды. Сол жерден араб пен парсы тілдерін толық меңгеріп шықты және өз бетінше білімін жетілдіріп, орысша сауат ашады. Құнанбай баласының зеректігін бірден байқап оған жан-жақты білім беруге тырысады. 13 жасында оқудан

алып кетіп, ел басқару жұмысына салады.

Абай ең алғашқы өлеңін 10 жасында жазған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы - «Қансонарда». Оның «Сегіз аяқ», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Желсіз түнде жарық ай», «Өлсем, орным қара жер сөз болмаймы?» сияқты үздік туындылары халық арасында кеңінен таралған. Абай мысал өлеңдерін шебер жаза білген. Осы жанр арқылы халықтың өмірін сатиралық бейнелермен жеткізген. Абай Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері»

### Ұ Л Ы С Ы - А Б А Й

тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен құнды. Алғашқы қара сөздері Семейде 1918 жылы «Абай» журналында жарық көрді.

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен 10-тамыз Абай күні деп белгіленді. Осы атаулы мерекеге орай Приозерск қалалық кітапханасы коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бірқатар мерекелік іс-шаралар өткізілуде. Жыл басынан бері кітап көрмесі, балалар бөлімінде ашық тәрбие сағаты, 44841 әскери бөлімінде «Әлем таныған Ұлы

Абай» тақырыбында жылжымалы кітап көрмесі ұйымдастырылып, Абай шығармалары насихатталды. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде онлайн режимде челлендж бен бейнецитаталар салынды.

Барлық қала тұрғындарын және өсіп келе жатқан жас ұрпақты Абайды танып білуге шақырамыз. Ұлы ақынның кейінгіге қалдырған көл-көсір мұрасы қай ғасырда да құнын жоғалтпай, есімі «Қазақ» деген алып жүрек тоқтағанша жасай берсін.

«Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# АБАЙ ПӘЛСАПАСЫНА ҮҢІЛСЕК...

Абай Құнанбайұлы – қазақтың ұлы ақыны, композитор, философ, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы және оның алғашқы классигі. Абай Шығыс пен Батыс мәдениеті мен өркениетін жетік білген. Бірқатар әлем ойшылдарының еңбектерімен жақсы таныс болған. Философиялық трактаттар стилінде жазылған «Қара сөздері» – тақырып ауқымдылығымен, дүниетанымдық тереңдігімен, саяси-әлеуметтік салмақтылығы.

**Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шаппақ,  
Бес дұшпаның білсеңіз.  
Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым ойлап қой,  
Бес асыл іс көнсеңіз.**

Абайдың бұл сөздерінің мәні күні бүгінге дейін зор және Абай еңбегінің ең басты ерекшелігі – тәрбиелік тағылымы толығымен құнды. Абай өз өлеңдерінде ғалым болу мен адам болуды бір-бірімен ұштастырып тұрады, бұл екеуінің түпкі тамыры бір. Ғалым болудың басты шарты – не нәрсе болсын таразысына салып өлшеу, ақыл сенген нәрсеге ғана сену және көзің анық жеткен шындықты тура айтудан тайынбау. Абайдың қара сөздері, өлеңдері ғана емес қара сөздерінде де терең философиялық толғаныспен көрініс тапқан. Абай қарасөздері терең ой мен күрделі пікірге құралған. Ақын шығармаларындағы терең философияны мұғалім өзі түсінгенде ғана баламен білімдік және тәрбиелік істері жүзеге асады. Мысалы, өзін-өзі тану сабақтарында Абайдың қара сөздері, өлеңдері жиі қолданылады. Өзін-өзі тану оқулығындағы 17 қара сөзінде ақыл, қайрат, ғылымның таласы және оның барлығы жүрекке басшылыққа туралы айтылады. Осы қара сөзінде оқушылар жүйелі тазалығы, жүректің алдамайтындығын түсінеді. Осыдан, не істесекте шын жүреппен істеу керек

деген ой қалыптасады. Тағы мысал ретінде Абайдың «Ойға түстім, ойландым. Өз мінімді қолға алдым» деген өлеңінен оқушылар өз бойларындағы қасиеттеріне назар аударып, қайсы дұрыс, қайсы бұрыс екенін айыруға үйреніп, ұнамсыз қасиетті жоғалтуға, ал жақсы қасиеттерін дамытуға тырысады.

«Жетінші», «Отыз бірінші сөзінде»



Абай оқу, өнер-білім мәселесіне ой қозғайды. «Жетінші сөзінде»: «Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмас, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі білсем екен демелік. Не көрсе соған талпынып, жылтыр-жылтыр еткен болса, оған қызығып,

аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, даусына ұмтылып, онан ержетіңкіреген ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен,


көрсем екен, үйренсем екен деген. Абай айтып отырған «жан құмары» және «тән құмары» сөздеріне тереңірек үңілейік. Жан құмары – рухани қажеттілікті білдірсе, тән құмары – табиғи қажеттілік, тән құмары хайуанда да болады. Ал, адамды адам етіп қалыптастыратын жан құмарлығы. Яғни, Абай адам қуаты мен ақыл, ғылым, білім жинауына деген көзқарасын ұғынды. Ол –

адам өмірінің мәні – ғылым мен білімге жету. Данышпан ақын дүние құбылыстарының ұғыну мәселесінде ғылымның үлкен мән бере отырып, ғылым – адамның танымдық қызметінің ерекше түрі, яғни қоғам өміріндегі рөл. 32-қара сөзінде ғылымды үйретудің алты түрлі шартын түсіндіреді. Ғылымды үйренбекке талап қылушылар, ең әуелі, ғылымды шын көңілімен сүюі керек. Оның көңілінің ғылымға деген бұл мейірімі шешенің балаға деген мейірімі секілді болсын, – дейді Абай.

Адам өмірін түзеу үшін барлық адамдар тату, тыныш өмір сүруі тиіс. Олардың еңбегі арлы, адал болуы қажет. Мұнымен қоса, ақжүректілік, ақылдылық қажет. Сонда ғана адамдардың алаңсыз өмір сүруіне мүмкіндік тумак. Әрине, адам ұдайы оқып, ізденуі тиіс. Ғылымсыз, білімсіз ешнәрсеге де қол жетпейді, онсыз мәдениетті адам боламын деу құрәурешілік. Ал, ғылымның, білімнің арасында табылмайтын байлық жоқ. Сол байлықты барша адам баласының керегіне, пайдасына жарату керек. Ұлы ойшыл өзінің шығармаларында адамгершілік, имандылық тәрбиесіне, оқу-білімге, әлемдік өркениетке жетуге көп көңіл бөлген. Ол жастарға арналған сөзінде жаман қылықтардан аулақ болуға, салмақтылыққа, сабырлыққа, жас кезден бастап иманжүзді болуға шақырады. Олар жалқаулардан арылып, білімге ұмтылса дейді. Ғұлама өз заманындағы жастарға сенбесе де, болашақ жастарға сенім білдіреді. Қорыта айтқанда, Абай ағамыздың ұстанған мұраты – адамшылықты бұзбау, адамгершілік ізгілік қасиеттерді жоғару көтеру, адам деген ардақты атқа сай болу, яғни қазіргі ұздаздар да осыны жас ұрпақ бойынан көруге қызмет етеді.

**Н.ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ**

## МЕМЛЕКЕТТІК БИЛІКТІҢ АЙНАСЫ



**Мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту – елдің дамуындағы басым бағыттардың бірі. Себебі, қызмет кез келген адамға үлкен жауапкершілік жүктейді.**

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік қызметкердің алдағы уақытта мәртебесі жоғарылай түсетінін атап көрсеткен еді.

Аталмыш ресми құжатта «Мемлекеттік қызметкерлердің жалақысын қызметінің нәтижесіне байланысты өсіру» деген бастама да көтерілген болатын. Бұл өте қажетті нәрсе. Сарапшылардың пікірінше, жұмысының нәтижесіне байланысты жалақысы жақсы төленген шенеуніктің жұмыс істеуге деген мүмкіндігі нығаяды және қабілеті артады.

Осы күні мемлекеттік қызмет саласына заманға сай өзгерістер еніп жатыр. Соның

ішінде, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға аса мән берілуде. Халыққа қызмет көрсету сапасын жақсарту да күн тәртібінде. Аталған мәселелердің барлығы мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыра түседі.

Алаш көсемі Әлихан Бөкейхан айтқандай, «ұлтқа қызмет білімнен емес, мінезден». Мемлекеттік қызметтегі кез келген азамат шын мәнінде антына адал болса, елдің гүлдендіру ісіне негіз болары сөзсіз. Бұл күні барлық деңгейдегі мемлекеттік қызметшілерге қойылатын талаптардың күшейіп, оларды мемлекет тарапынан қолдаудың жаңа алгоритмдерінің енгізілуі де ойымызды қуаттайды. Байқауымызша, мемлекеттік қызметке орналасуға ниетті жастар арасында саналы түрде қадам жасай алатын, ойы терең, қабілеті жоғары жастардың қатары артып келеді. Мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып саналатын ашық қоғам құру ісіне де мұның оң ықпал етері сөзсіз. Хакім Абайдың «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деген қанатты сөзін қаперіне ілген, жүрегімен түсінген жастардың мемлекеттік қызметке орналасып, халыққа қызмет қылуға құлшыныс танытқанын көріп, көпшіліктің көңілі марқаятыны сөзсіз.

Мемлекеттік қызмет – бұл мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы лауазымдық өкілеттіктерін мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған қызметі. Қазақстан

Республикасының мемлекеттік қызметі қоғамдық процестерді реттеуге, мемлекеттің біртұтастығын қамтамасыз етуге және Қазақстан Республикасы азаматтарының мүдделерін іске асыруға бейімделген. Мемлекеттік қызмет үшін беделдің, яғни имидждің қызметтік және мәртебелік маңызы зор.

Ол халықтың оған деген сенім деңгейінің көрсеткіші және қоғамның басқарушылық қызметтің, мемлекеттік деңгейде қолға алынған өзгерістердің тиімділігіне берген бағасының критеріі болып табылады.

Қазіргі уақытта мемлекеттік қызметтің беделін арттыру қажеттілігіне қатысты мәселелерге аса басымдық беріліп отыр. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әлеуметтік-экономикалық, мәдени және саяси даму жолында айтарлықтай жетістіктерге жетті.

Жалпы, еліміз үшін ерекше маңызға ие жоғары кәсіптік мемлекеттік қызмет пен тиімді басқару құрылымын қалыптастыру ісінде мемлекеттік қызметшілердің кәсіби деңгейі негізгі рөл атқарады.

Бұқараға мәлім, әлем жұртын әбгерге коронавирус инфекциясы да мемлекеттік қызмет саласына үлкен сынақ болып тиді. Мемлекет басшысының Жарлығымен елімізде төтенше жағдай режимі енгізілді. Барлық өңірлерде блок-бекеттер қойылды. Мемлекеттік қызметшілерді 80%-ы қашықтықтан жұмыс режиміне көшті. Халық сенімін ақтауды мақсат қылған мемлекеттік

қызметшілер осынау сыннан сүрінбей өту үшін барын салды. Халыққа қызмет көрсету, мемлекеттік саясаттың басымдықтарын жүзеге асыру, даму жолындағы негізгі индикаторларға қол жеткізу үшін уақытпен санаспай, қызмет істей алатындарын көрсетті. Заманауи технологиялар мен әлеуметтік желілердің мүмкіндіктерін тиімді пайдаланып, қоғамның қажеттілігіне үн қоса білді.

Мемлекеттік қызметшілер мына бір принципті жақсы түсінуі қажет. Ел мүддесі, халық игілігі бәрінен жоғары тұрғанда ғана нәтижелі жұмыс болады. Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік биліктің айнасы. Ар-ожданы биік, әділетті, талантты, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары мемлекеттік қызметшіні қоғам бағалайды. Нәтижесінде, халық сенімі нығаяды.

Әрбір мемлекеттік қызметшінің халықтың мүддесіне қызмет етіп, көкейтесті мәселелерді заң шеңберінде шеше білуі – бұлжымайтын қағида. Бүгінде бүкіл қоғам, барша ел жұмылып, сыбайлас жемқорлықты жою үшін күрес жүргізуде. Осы жолда әрбір мемлекеттік қызметші «арды ойлаған азбайды» деген нақылды терең түсінгені абзал.

**С. Амангельдинова,  
Мемлекеттік қызмет істері  
Агенттігінің Қарағанды облысы  
бойынша Департаменті Мемлекеттік  
қызмет саласындағы бақылау  
басқармасының бас маманы**

### Моральдық – этикалық келбет

Еліміз дамудың жаңа деңгейіне көшті. Халықаралық деңгейдегі көптеген дүниежүзілік ұйымдарға мүшелік етуде. Осыған байланысты мемлекеттік қызметтегі моральдық-этикалық нормалардың жоғары стандарттары анықталды.

Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-этикалық бейнесіне қойылатын жалпы қабылданған талаптарды, сондай-ақ олардың мінез-құлқының негізгі стандарттарын

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ - МЕМЛЕКЕТТІҢ АБЫРОЙЫ

айқындау қоғамның мемлекетке сенімін жоғарылатуға, мемлекеттік қызметте қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама және қызметтік этика бұзушылықтарының алдын алуға септігін тигізеді.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілердің жоғары моральдық – этикалық келбетін қалыптастыру үшін ең алдымен өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыда

тәрбиелеуге баса мән беру керек. Жас ұрпақтың бойына бала кезінен ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық секілді рухани-адамгершілік құндылықтарды сіңіре отырып жан дүниесі бай, терең ойлы, жауапкершілікті сезінетін қоғамның толыққанды азаматын қалыптастыру қажет. Себебі, ұрпақ тәрбиесі — келешек қоғам

тәрбиесі. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің моральдық-этикалық келбеті қаншалықты жоғары болса, соншалықты еліміздің даму деңгейі жоғары болатындығына мен сенімдімін.

**Айзада Асаубаева,  
Приозерск қалалық сотының бас маманы**

## «МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУДЫҢ ҚОЛЖЕТІМДІ ЖӘНЕ ЫҢҒАЙЛЫ АРНАСЫН ҚҰРУ» - БІЗ ҮШІН БАСЫМ МІНДЕТ

Ағымдағы жылғы 15 наурызынан бастап әлем бойынша қолайсыз эпидемиологиялық жағдайға байланысты еліміздің барлық аумағындағы және оның жекелеген жерлерінде карантин режимі енгізілген.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты 2018 жылғы 5 қазандағы жолдауында аса көрегендікпен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер аясында мемлекеттік қызметшілердің тұрғындармен тікелей қарым-қатынасын азайту және 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызы, ал 2020 жылы кемінде 90 пайызы электронды форматқа көшірілуі қажеттігі тапсырылған.

Жалпы, халыққа қызмет көрсету бөлімдерінің уақытша жаба тұруы және олардың жұмысы онлайн режимге көшуі мемлекеттік қызмет саласын цифрландыруды жеделдетуде және азаматтардың уақыты мен қаржысын үнемдеуде оң әсерін тигізді.

Мысалы, карантин басталғалы бері «электронды үкімет» порталы арқылы 5,3 млн. астам қызмет көрсетілді.

Сонымен қатар, күні кешеге дейін ЭЦҚ алу процесі азаматтар үшін қиындықтар туғызып, ХҚКО міндетті түрде баруына тура келген болатын.

Ал одан бас тарту және өзгеше алу жолдары біраз жылдар бойы талқыланған болатын. Алайда, қазіргі орын алған жағдай осы мәселенің қысқа уақыт ішінде өз шешімін табуына алып келді.

Осылайша, 2020 жылдың бірінші тоқсанында 3 млн. жуық ЭЦҚ алынды, бұл былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1 миллиондай көп.

Тәжірибе көрсеткендей, қызметтерді баламалы түрде көрсету электрондық үкіметтің дамуына «тежегіш» болып табылады.

Бүгінде әрбір азамат мемлекеттік қызметтердің көпшілігін онлайн тапсырыс беруге болатынын біледі. Алайда, бұрын «электрондық үкімет» порталымен қатар ХҚКО жұмыс істеді, барлық туындаған

сұрақтар мен қиындықтарды адамдар сол жерге жүгіну арқылы шешіп отырды. Қазір мұндай нұсқа жоқ. Сондықтан, барлығына қызмет көрсетуді жедел игеруге тура келеді. «Электрондық үкімет» порталы жүйе жұмысының қыр-сырын түсіну үшін Республикада қызмет алушылардың сұрақтарына жеделден кою үшін арнайы Call-орталық ашылды. Бұл орталық 1414 нөмірі бойынша халықтан қоңырау

сөйкестендіру үшін селфи жасау, өз куәлігіңізді жүктеу және бейне байланыс арқылы қосылатын ХҚКО қызметкерінің бірнеше сұрақтарына жауап беру қажет. Жақында заңды тұлғалар үшін ЭЦҚ алу мүмкіндігі іске қосылды.

ЭЦҚ онлайн режимінде қалай алуға болатыны туралы арнайы нұсқаулық әзірленіп, іс-әрекет алгоритмі егжей-тегжейлі порталда жазылған. Бұл тақырыпта



шалады. Қазіргі уақытта 2,5 мыңнан астам фронт-кеңселердің операторлары кеңес беруге бейімделген.

Сіз мемлекеттік қызметтерді электрондық түрде алу арқылы уақытты үнемдейсіз.

Қызметтердің көпшілігін ЭЦҚ болған жағдайда ғана «электрондық үкімет» порталынан алуға болады. Ал егер адамда электрондық цифрлық қолтаңба болмаса, не істеу керек? Қалай?

ЭЦҚ үйден шықпай-ақ онлайн алуға болады. Азаматтардың ТЖ және карантин режимі кезінде ХҚКО-на жүгінбей-ақ электрондық цифрлық қолтаңба алуға мүмкіндігі пайда болды. Азаматтарды

тіпті арнайы оқыту бейнелері бар. Сондай-ақ, халық 1414 Бірыңғай байланыс орталығының кеңесін белсенді пайдалануды жалғастыруда.

Естеріңізге сала кетсек, осы таңда онлайн түрінде мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің 80% қолжетімді. Оны қазақстандықтар egov.kz порталы, eGov Mobile қосымшасы және Telegram (EgovKzBot2.0) мессенджерлеріндегі чат-боттардың және Facebook және ВКонтакте әлеуметтік желілерінің көмегімен ала алады.

Бұл үшін басты шарттардың бірі қызмет алушының ұялы телефон нөмірі азаматтар базасында тіркелген және телефонда

### Цифрлық Қазақстан

қосымшалардың болуы. Айта кетейік, мобильдік азаматтар базасына электронды үкімет порталындағы виртуалды ассистент көмегімен ұялы телефон нөмірін тіркеуге болады.

Сонымен қатар, жалпы облыс бойынша 1 381 өзі өзіне қызмет көрсету бұрыштары жұмыс жасауда. Олар барлық қажет құралдармен жабдықталған (интернет, компьютер, принтер, сканер). Электрондық форматқа көшірілген және «электрондық үкімет» порталында қолжетімді барлық мемлекеттік қызметтерді азаматтар тек өз бетінше немесе өзіне-өзі қызмет көрсету бұрыштарында, яғни тек ХҚКО ғимараттарында ғана емес, сондай-ақ, әкімдік жанындағы фронт-офистерде, оқу және медициналық ұйымдарда және т.б. орналасқан, интернетпен және ұйымдастыру техникасымен қамтамасыз етілген өз-өзіне қызмет көрсету бұрыштарынан ала алады.

Қызмет алушыларға ыңғайлы болу үшін және қызмет алушыларға бағдарлану мақсатында Теміртау және Қарағанды қалаларында орналасқан өзі өзіне қызмет көрсету бұрыштары қолданыстағы «2ГИС» картасының базасына енгізілгенін атап өткен жөн.


Сондай-ақ, қазіргі эпидемиологиялық жағдайға байланысты Қазақстандықтардың ыңғайлығы үшін ХҚКО-да кезекті брондау қызметі қосылды. Енді көрсетілетін қызметті алушылар ХҚКО-на тек порталдан ғана емес, сонымен қатар egov.kz және 1414 байланыс орталығы арқылы, сондай-ақ Telegram-бот арқылы кезекті брондау алады.

Қазіргі таңда мемлекеттік қызмет көрсету қоғам өмірінде үлкен орын алады. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасының деңгейі еліміздің экономикалық және әлеуметтік көрсеткіші болып табылады. Осыған байланысты, көптеген шет мемлекеттер мемлекеттік қызмет көрсету сапасының жоғары болуына және осы саланың дамуына үлкен мән беруде.

**Ж. Жүніс,**  
*ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасының бас маманы*

### Заңнамадағы жаңалық

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК КОДЕКСІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ



Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Заңы 2020 жылдың 22 маусым айында күшіне енді.

Аталған Заң сот жүйесін жетілдіруді жалғастыруға заман талабына сай азаматтық істерді қарау тәртібі тараптар үшін

ыңғайлы және тез, заманауи технологияларды кең қолдануға, сот жүктемесін азайтуға, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқартуға, сот процесіне қатысушылардың жауапкершілігін арттыруға аса назар аударылған.

Азаматтық процестік кодексінің талаптарына сәйкес, іске қатысатын тараптар Заңда көзделген тәртіппен, сот талқылауы барысында материалдық және цифрлық ақпарат жеткізгіштері бар техникалық құралдарды істі қарау барысында туындаған мәселелер бойынша қажетті ақпарат алуға, сондай-ақ сот отырысының барысын жазып алу үшін пайдалануға құқылы.

Бұл өзгерістер уақыт ағымына, заманауи ақпараттандыруға негізделген: бұл жұмысқа жаңа көзқарас және дауларды шешудің жаңа әдістері пайдаланылған.

Сондай ақ, соттардағы жүктемені азайту, сот ісінде медиацияны қолдана отырып, қоғамдағы жанжалдарды азайту үшін үлкен жұмыстар жүргізілді, яғни дауды шешу сотқа дейінгі (талап кою) рәсімдерінен немесе дауларды соттан тыс (баламалы) шешу рәсімдерінен өтуі керек.

Жалпы, Заң азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және міндеттерін қорғайды, процестік іс-әрекеттер мен шығындардан арылуға мүмкіндік береді, сонымен қатар соттарды цифрландыруды одан әрі дамытуға бағытталып отыр.

**Даулет Сатыбалдин,**  
*Приозерск қалалық сотының кеңсе басшысы*

### Коррупция – нет!

## В ГАРНИЗОНЕ СОЗДАНА КОМИССИЯ ПО ПРОТИВОДЕЙСТВИЮ КОРРУПЦИИ

Первое заседание комиссии по противодействию коррупции в Приозерском гарнизоне, в котором приняли участие командиры воинских частей и учреждений Министерства Обороны Республики Казахстан, прошло под председательством начальника гарнизона.

Командиры воинских частей и учреж-

дирам воинских частей усилить антикоррупционные меры, устранить причины и условия, способствующие совершению коррупционных правонарушений, активно применять в работе такие превентивные меры, как формирование антикоррупционных стандартов.

Старший офицер по противодействию

<p><b>ПАРА БЕРУ – БҰЛ ҚЫЛМЫС</b></p> <p><b>СЫЯЛЫҚ</b> 4533 теңгеге дейін</p> <p><b>АЙЫПШЫҚ</b> (453 300 теңге көлемінде)</p> <p><b>АЙЫПШЫҚ</b> (параның 20 еселенген сомасы мөлшерінде) немесе <b>БАС ВОСТАВЛАНДЫРЫНАН АЙЫРУ</b> (мүлкі тәркіленіп, 15 жылға дейінгі мерзімге)</p> <p><b>ПЕНА</b> 4533 теңгеден астам</p>	<p><b>ДАЧА ВЗЯТКИ – ЭТО ПРЕСТУПЛЕНИЕ</b></p> <p><b>ПОДАРОК</b> до 4533 теңге</p> <p><b>ПЕНА</b> (в размере 453 300 теңге)</p> <p><b>ПЕНА</b> (в размере 20 кратной суммы взятки) либо <b>ЛИШЕНИЕ СВОБОДЫ</b> (сроком до 15 лет с конфискацией имущества)</p>
<p><b>1424 call centre</b></p> <p>СЫЯЛЫҚ ЖЕМҚОРЛЫҚ ФАКТТЕР ТУРАЛЫ ХАБАРАЛАҒАНЫ ҮШІН КӨТЕРМЕЛЕУ 63 070 нөміріне 24/7 нөміріне дейін СОМАНЫ ҚУ РАЙДЫ</p>	<p><b>1424 call centre</b></p> <p>ПОЩЕРЕННЕ ЗА СООБЩЕНИЕ О ФАКТАХ КОРРУПЦИИ СОСТАВЛЯЕТ 63 070 нөміріне 24/7 нөміріне</p>

дений объединили усилия в борьбе с коррупцией. Если раньше антикоррупционные комиссии существовали в каждой воинской части автономно, то теперь они объединились в одну, под председательством начальника гарнизона.

В ходе работы комиссии заслушаны доклады командиров воинских частей о работе по противодействию коррупции, проведенной в воинских частях за первое полугодие 2020 года. По итогам заседания председатель комиссии поручил коман-

коррупции Отдела военной полиции Приозерского гарнизона лейтенант юстиции Ахмедулла Ильяс порекомендовал, в случае столкновения с проявлениями коррупции в воинских частях и учреждениях гарнизона обращаться по телефону доверия: 8(7172)54-19-25.

**Ахмедулла Ильяс,**  
*старший офицер по противодействию коррупции Отдела военной полиции Приозерского гарнизона, лейтенант юстиции*

## Оқытушылардың тамыз кеңесі қарсаңында



«Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» - деген А. Құнанбаев. «Әркім өз жолын тауып кететіндей бала тәрбиесі жеңіл нәрсе ме? Жоқ. «Бала тәрбиесі – өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер», — деген екен М.Жұмабаев. Қандай тауып айтылған даналы сөз десеңізші. Тәрбие арқылы адам тағдыры шешілетінін, оның білімді тұлға болып қалыптасатынын, елдің берік тірегі болатынын көрсетеді. Балалар хәм келер ұрпақ тәрбиесіне қай кезеңде болса да, қай елде, қай ұлтта болмасын үлкен мән берілген ғой. Өйткені бала – біздің болашағымыз. Ол үшін балаларды жаман, жақсы деп бөлмей, бірлесіп, аяғынан нық тұруға көмектесу керек. Нашар бала болмайды. Бау-бақшаны баптап, күтіп суарса ғана жемісіне кенелесің. Сол сияқты баланың теріс мінездерін үнемі қадағалап, түзету – қоршаған ортаның, яғни ата-ана мен мектептің міндеті. Өмір шындығына жүгінсек, тәрбие бастауы, оның қайнар көзі, ананың сүтінен нәр алып өскен ортасына тікелей байланысты.

«Тәрбие басы – тал бесік», «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін!» деген қазақтың мағыналы сөздерінде үлкен астар бар сияқты. Алайда, жұмысымызда байқап жүргеніміздей, ата-аналарымыздың бала тәрбиесі жайлы көзқарастарында елеулі қателіктер де көрініс беруде. Кейбір ата-аналар: «Баламды киіммен, тамақпен қамтамасыз етем, білім, тәрбие беру – мектептің ісі» деп түсінетін ата-аналар да кездеседі. Бала тәрбиесін тек мектепке ғана

аударып қоймай, ата-ана, мектеп, қоғамдық ұйымдар бірлесіп отырып жұмыс жасау, ұстаздар үшін де, ата-аналар үшін де тиімді. Еліміздің егемендігін алып, тәуелсіздік туы биікке көтерілген қазіргі кезеңде балаларды қоғамның лайықты ізбасары етіп дайындау, тәрбиелеп шығару үшін мектепте оқу, тәрбие жұмыстарын көбейтіп, ұлттық ұлағаттылыққа баулып отырумыз қажет. Қазіргі заман талабына сай оқу-тәрбие жұмысының түрлері, өткізу іс-шаралары үнемі өзгеріп, жаңарып, дамып отыр. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын мектеп болғандықтан, оған бұрынғыдан да зор жауапкершілік артуда. Әр шәкірт мектеп арқылы өмірге жолдама алады. Мектеп ешуақытта отбасынан, қоғамнан бөлініп, өз бетінше жеке мекеме болған емес. Сондықтан оның іс-әрекеті отбасымен, көпшілікпен біте қайнасақ. Осы тұрғыдан алғанда мектеп – бала мен тәрбие жұмысын ұйымдастыруда жеке адамның дамуына және қалыптасуында әртүрлі факторларды үйлестіріп, біріктірудің орталығы. Мұнда тәрбие түрлерінің сан алуаны жүзеге асырылады. Баланы тәрбиелеуде бір ғана отбасының алатын орны ерекше деп қорытынды шығаруға болмайды. Мектептің, колледждің ата-аналармен жүргізілетін жұмыстарының ерекшелігі осы екі жақтың байланысы мен әрекет бірлігінің тұрақтылығынан көрінеді. Бұл тұрақтылықты мектепте сынып жетекшісі қамтамасыз етеді. Сынып жетекшілер, шеберлер оқушылардың екінші ата-анасы ретінде бірге жүріп, халықты ғасырлар бойы өз ұрпағын тәрбиелеп келген тәжірибесінен үлгі көрсетуді мақсат-мұраты санайды. Балаларға тәрбиелік жұмыс жүргізуді жан-жақты қарастырып, тиянақты көрсететін тұлға – ол сынып жетекшісі болып табылады.

Ұлт болып ұйысып, ел болып еңсемізді көтерген кезімізде қолға алар ісіміздің өзі ұрпақ тәрбиесі. Қазіргі заманда ең басты мәселе – бала тәрбиесі. Мысалы, оқушы мектепке келген кезінде тіл алғыш, жүрегі таза, сезімі пәк болып, өссе, жоғарғы буынға келгенде өзгеріп сала береді. Сол кезде «мына бала қандай еді, қалай өзгеріп кетті, мынадай жаман әдеттерді

қайдан үйреніп ала қойды, неге озбырлық жасауға бейім болып алды» деген сұрақтар мазалайды. Әрине, оның себептерін жан-жақты іздеуге болады. Бала тәрбиесінде ата-анасы мен жүрген ортасының, мұғалімнің де қатысы бар. Баланың қалыптасуына ықпал етіп, дамуына үлес қосатын мұғалімнің есте ұстар жағдайлары аз емес. Солардың ішінде ең негізгісі – балаға деген жүрек жылуы. Ол қашан да қажет және ешқашан артық болмайды. Қазіргі жағдайда тәрбиенің жалпы негізі адамгершілік құндылықтар болуы керек. Адамгершілік құндылықтар үлкен мен кішінің арасындағы шынайы қарым-қатынас кезінде бала бойына дариды. Мектеп қабырғасында жақсы тәрбиеленген, саналы білім алған шәкірт өмірде өз орнын табады. Ол үшін ең әуелі ұрпағымызды бала кезінен-ақ ұлттық тәлім-тәрбиеге, адамгершілік әдетке, рухани, мәдениетке баулу керек. Сонда жас ұрпақ елі үшін елең қағар азамат, имандылық қасиеттерді жақсы білетін азамат болып қалыптасады. Ұлттық ұлағатты дестүрін кенінен пайдаланып, тәрбие ісіне арқау ету өз нәтижесін береді.

Қоғам талабы – заман талабы. Сол себепті адамды заман билейді, заманына сай заны туындайды. Бала тәрбиесіндегі негізгі де маңызды роль ата-аналарда. Ата-ана отбасында өздерінің күнделікті жұмысы, тындырған ісі туралы бала-шағасының алдында айтып, әңгіме-дүкен құрады. Бірте-бірте балалары да өз жаңалықтарын ортаға салып, айта бастайды. Осылайша жанұя мүшелерімен сенімі, сүйіспеншілігі, достық қатынастары нығая түседі. «Жанұяға қарап бала өседі, қарағайға қарап тал өседі» деп тегін айтылмаған болса керек. Ата-ана баламен тілдесуде, пікірлесуде бейәуыз сөздерді қолданбай, дөрекілікпен жеке басын қорғамай, мейірімді, табиғи, жылы, ақылды сөздер айтып өнеге бола білсе, тәрбиеде табысқа жетеді. Өйткені «Жақсы сөз жан семіртеді». Кейбір ата-аналар өте қатал, айтықанын орындайды. Мұндайда бала қорыққаннан уақытша тыңдайды. Бірақ ата-анасының ұсынан шыққаннан соң, өзін-өзі ұстай алмайтын жағдайға жетуі мүмкін. Сондықтан сынып жетекші ата-ана ескермеген тәрбие-

нің тиімді сәттерін пайдалану қажет. Сынып жетекші оқушыға материалдық жағдай жасамағанымен, оның өміріне азық болар ең қымбат асыл қасиеттер – адамгершілік құндылықтармен қамтамасыз етеді. Әрбір оқушының жеке басын тәрбиелеудің стратегиясын білу үшін тек оның күшті және әлсіз жақтарын біліп қоймай, сонымен қатар оның оқитын, тұратын, қарым-қатынас жасайтын жайдайларын білуіміз керек. Ол үшін олардың ата-аналарымен тығыз байланыста болу қажет. Ата-анамен, отбасымен тығыз байланысты болудың ең негізгі жолы мектепте өткізілетін әртүрлі мерекелер, іс-шаралар мен жиналыстар, сайыс, ашық есік күндерін ұйымдастырып, ата-аналарды шақырып, ата-аналарды тек көрермен ретінде ғана қарастырып қоймай, балалармен бірге әртүрлі логикалық сұрақтарға жауап беріп, көңілді ойындарға қатыстырып отыру керек.

Ашық тәрбие сағаттары, психологиялық тренингтерге қатыстыру немесе құқық қорғау органдарынан инспекторлар, дәрігерлер, ақсақалдар алқасынан қонақтар шақырылып, мәні зор инабаттылыққа, имандылыққа баулитын ақыл-кеңестер алу өз нәтижесін береді. Ата-аналар мүмкіндігінше балаларды үйде қараусыз қалдырмауға, немен шұғылданатынын, күнделікті қанша сабақ болып, қаншада қайтатынын біліп отырулары тиіс. Мектеп пен ата-аналар ынтымақтаса жұмыс жүргізсе, балаларға тиісті көңіл бөле білсе, олармен санаса білсе, келешектің шын жанашыры, елдің арқа сүйер азаматтары тәрбиеленіп шығары сөзсіз. Менің ойымша әрбір жас толқын қай жағынан болсын, тамаша, жан-жақты келісті азамат болып қалыптасуы қажет. Ол еңбеккер, адал, білімді, көп оқыған ақылды болып қана қоймай, тәрбиелі де көркем, ибалы да инабатты болуы керек. Балаларды сүйетін және өзінің ісіне берілген ұстаз ғана мейірбан жеке тұлғаның қалыптасуына көмек көрсетуге қабілетті. Жемісті тәрбиенің сыры – шәкіртке құрметпен қарауда.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

## «Буккроссинг» акциясы

### ОҚЫ ЖӘНЕ ӨЗГЕГЕ СЫЙЛА

Көркем әдебиеттердің оқылымнан шығып қалмауына әсер ету, кітапхана мен оқырман арасындағы байланысты нығайту, тұрғындардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен тамыз айында «Оқы және өзгеге сыйла» атты буккроссинг акциясы өткізілді. Бұл акцияның негізгі идеясы-өзара кітаптар алмасуы болып табылады «Буккроссинг» қазақшаға аударылғанда «кітап сыйлау», «кітаптың айналыста жүруі» дегенді білдіреді. Үйлеріңіздегі оқып болған кітапты алып келіп орнына оқымаған кітаптар алуларыңызға болады. Оны алғаш рет ойлап тапқан ғалым – Рон Хорнбекер. Кітаптың өз оқырманын табуына ықпал ететін бұл қозғалыс Америкада басталған болатын. Біздің бала кезімізде кітапханада өзіңді қызықтыратын кітап қалмаған жағдайда бізден үлкен, кітап жинайтын аға, әпкелерімізден кітап сұрап алып немесе кітап алмасып оқып жүретінбіз. Бүгінгі күні мұндай дәстүрдің жұғанасы да қалмады-ау деп ойлаймын.

Ал, Қазақстанда «буккроссинг» акциясы 2005 жылы қолға алынды. Бүгінде кітапха-



нада аталмыш акция дәстүрлі түрде жалғасын тауып келе жатыр. Сол себепті үйлеріңізде өздеріңіз оқыған қызықты кітап болса соны алып келіп, орнына оқымаған кітаптарыңызды алуға болады. Аталмыш алмасу акциясына кітаптарын алып келіп, орнына кітап алған оқырмандарымыз бар. Сондықтан осы дәстүрді жалғастырығысы келгендер болса қалалық кітапханаға кітаптарын алып келуіңізге болады.

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ.

### НАСЛЕДСТВЕННОЕ ДЕЛО

открыто после смерти Ли Илоны Ульяновны, умершей 18 октября 2019 года.

Имеющим наследникам обращаться к нотариусу Ахметову Р.Б. по адресу: г.Приозерск, ул.Кисунько, д.1Б, тел. 8-775-1627005

### Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г.Приозерск, ул.Космонавтов, д.5, 106-107 Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz\_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz\_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул.Сатпаева 15, Заказ № 33/677. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

### Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz\_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

## К СВЕДЕНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

### РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ПРОГРАММА «БЕСПЛАТНЫЕ ЮРИДИЧЕСКИЕ КОНСУЛЬТАЦИИ. ПРАВОВАЯ ПОМОЩЬ СПЕЦИАЛИСТОВ» ПО КАЗАХСТАНУ НА ПОСТОЯННОЙ ОСНОВЕ В НОВОМ ФОРМАТЕ

Обращения по консультациям юриста, принимаются с 9.00 до 18.00 в будние дни, выходной суббота, воскресенье. Вы можете прописать свой вопрос на WhatsApp +77056781301, +77018709889.

Подписывайтесь на нас в Instagram – pomog\_vsem\_kz

В одноклассниках: <https://ok.ru/pomogvsemkz>

В фейсбуке: <https://web.facebook.com/pomogvsem>

Также вы можете позвонить по телефону: +77027014429, +77019769889.

Вопросы: проблемы с банками, МФО, коллекторами, ЧСИ, наследственные, трудовые, семейные, земельные, уголовные, административные, ДТП, и др. Работаем по Республике Казахстан и Российской Федерации.

Поделись данной информацией с близкими, друзьями, коллегами, соседями. [www.pomogvsem.kz](http://www.pomogvsem.kz)

### НЕДВИЖИМОСТЬ ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр. Кольцевой), 3 комн. – 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35